


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
I апта (1-4 қыркүйек 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Менің мектебім»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі 1.09	Сәрсенбі 2.09	Бейсенбі 3.09	Жұма 4.09
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
		<p>Д/ ойын :Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жінішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.</p>	<p>«Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.</p>	<p>Сюжеттік ойын:«Отбасы. Қарлығаштың туылған күні» Мақсаты: Ойында әлеуметтік ортадағы шынайы оқиғаларды көрсете білуді, отбасы - бірге тұратын адамдар туралы ұғымды қалыптастыру, жақын адамдарына қамқорлық көрсету талабын дамыту, өзінің отбасын мақтаныш тұту сезімін дамыту, өзінің отбасы туралы білімін тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын белсендіру.</p>

		<p>затты кішкентай заттан ажырата аласыңдар ма?» – деп сұрайды. Егер балаларға «биік – аласа», «кішкентай – үлкен», «кең – тар», «ұзын – қысқа» деген ұғымдарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырыссаңыз, олар сізді тыңдамайды. Балалардың қандай заттарды кішкентай, ал қандай заттарды үлкен деп атайтынын түсінуі үшін педагог оларға мысалдар келтіреді. Мысалы, текшелерден мұнара салуды сұрайды. Оның жанына көлемі кішірек тағы бір мұнара салуды ұсынады. Педагог балалардан қайсысы үлкен, ал қайсысы кішкентай екенін көрсетуді сұрайды. Әдетте, мектепке дейінгі жастағы балаларда жауап беруге қиындық тумады. Балалар әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындайды. Оларға ең үлкен және ең кішкентай саптаяқтарды таңдап, салыстыру ұсынылады. Орындықтардың, қораптардың көлемі бірдей ме? Ең үлкен сыйлықты көрсетіндер? Келесі 2-тапсырмада балалар торттың өлшемі бойынша бір тіліміне сәйкес ыдыстарды тандайды. Балалар бірыңғай сәйкестік амалын пайдаланып, алдымен ең үлкен және ең кішкентай көлемдегі жұпты тандайды, содан кейін аралық сәйкестіктерді іріктейді.</p> <p>Сергіту сәті. Кәне қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық</p> <p>Әліппе-дәптердегі</p>	<p>беріледі. Балалар әр күлтесін жұлып отырып, жақсы сөздер, тілектер айтады. Анасына, бауырларына, достарына арнаған өздері білетін жақсы сөздерді, тілектерді айтады. Адамдар бір-біріне үнемі жақсы сөздер айтып, қуантып жүруі керек деген қорытынды жасайды.</p> <p>3-тапсырма. Педагог сыныпқа кіргенде қалай амандасасың? Қимылмен көрсет. Топқа кірген педагогпен қалай амандасу керек екенін орындарынан тұрып көрсетеді. Педагог топтан шығып кетіп, қайта кіргенде балалар орындарынан тұрып амандасады. Балалар бұл жерде амандасқандарын тек қимыл арқылы ғана көрсеткендерін айтады. Басқа да нені ым-ишара, қимылмен көрсетуге болатынын естеріне түсіреді, өздері білетіндерін көрсетеді.</p> <p><i>Сергіту сәті:</i> Қоңыздар Көк шалғында қоңыздар. Би билейді айнала. Оң аяқпен топ-топ, Сол аяқпен топ-топ. Екі қолды жоғары, жоғары. Көтереді жай ғана. Кәне, кімнің қолдары</p> <p>4-тапсырма. Қолында бар затты достарымен тең бөлісіп жеуге жетелеу. Өзінің затын ешкімге бермейтін бала туралы рөлдік ойын ұйымдастыруға болады. Асан достарына алманы қалай бөліп берді? Әрқайсысына неше бөліктен тиеді? Балалар дәптерлерінде әрқайсысына тиесілі бөлікті сызып қосады.Көрінеді жоғары? – Асанның өзінде неше бөлігі қалды?</p>	<p><i>кең екен. Қуаныш дәлізде қатты жүгіріп ойнай бастады. Қуанышқа тағы бір бала қосылды. екеуі айғайлап сөйлеп, алысын ойнай бастады. Бір кезде аяғына шалынып, баспалдақтан құлап қалды.</i> – Балалар, Қуаныштың әрекеті дұрыс болды ма? Ол нені сақтамады? «Мектеп» деген сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Мектепте оқушылар тәлім-тәрбие алады, білім алады. Баланың достары көбейеді. Мектепте тек білім ғана алмайды, сонымен қатар үлкенмен де, кішімен де қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бала білімді, өнерлі, тәрбиелі болып шығады.</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Балалар сурет бойынша болжап айтады. Мектепте қауіпсіздік ережесін сақтамаған жағдайда не болуы мүмкін? Талқылау. Педагог тәрбиеленушілерге мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері туралы түсіндіреді. Алдымен тәрбиеленушілер осылар туралы не білетіндерін анықтайды. • Кез келген үйде әр уақытта орындалатын өз ережелері болады. Мектепте де өз ережелері</p>	<p>мағынасын түсіндіру үшін «Өнерлі жігіт» аңыз негізінде әңгімелеу ұйымдастырылады. Аңыз «Өнерлі жігіт» Әл-Фараби бір күні базарға барса, бір жас жігіт тісімен шеге суырып, әр түрлі өнер көрсетіп отыр екен. Оны көрушілер риза болып, тиын-тебен тастап кетіп жатады. Әбунасыр одан: - Күніне қанша табасың? – деп сұрайды. - Екі дирхемге жетер-жетпес қана. - Онда сен бұл өнерді таста. Маған ер, мен саған оқу үйретемін, күніне төрт дирхем беремін, - деп оны ертіп алады. Мұны естіген саудагерлер: - Мына диуана дәуріштің дені сау ма? Өзі оқытып, әрі оған төрт дирхем бергені несі?-деп күліпті. Кейін сол бала үлкен ғалым болыпты деген сөз бар. Оқушыларға аңыз желісі бойынша сұрақтар қойылады. • Әл-фараби жігітке нені үйреткісі келді? Не үшін? • Шәкірттерінің болашақта жақсы адам болып шығуына ұстазы қаншалықты еңбек сіңіреді деп ойлайсыңдар? • Білім адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Балалардың жауаптары тыңдалып, қорытындыланады: - Ұстаздың еңбегі зор. Ұстаз әр баланың бойындағы жақсы қасиеттерді байқап, оның болашақта өз орнын табуына көмектеседі. Сол үшін аянбай еңбек етеді. Рөлдік ойын Ұстаз еңбектің мәнін рөлдік ойын арқылы да ашуға болады. «Жас тілші» атты рөлдік ойында</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>3-тапсырма саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға арналған. Балалар геометриялық фигуралар мен заттарды өлшемі бойынша (ұлғаю, кему, салыстыру) орналастырады. Әліппе-дәптердегі 4-тапсырмада қораптарды үлкенінен бастап кішкентайына қарай қойып шығу керек. Балалар үлкенінен кішкентайына дейін қораптардың суреті бар жапсырмаларды жапсырады. Педагог оларға салыстыру-дың неғұрлым тиімді тәсілін таңдауды ұсынады. Қорытындылап, мадақтау</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мектеп жиһаздары. Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеп беру. Жиһаздардың қандай материалдан жасалатыны жайлы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, сын есімдермен, етістіктермен байыту. Дидактикалық ойын: «Құрылысшылар» Мақсаты: эмоционалды-коммуникативті саланы, ойлауды, қиялды, түрлі қимылға еліктеу қабілетін дамыту Мен бүгін мектепке келе жатып, сандық тауып алдым. Сандықта бірдеме бар .секілді. Сандық ашылмайды Балалар, сандықтың аузында - құлып тұр ғой. Ал, құлыпта мынандай сөз жазылыпты. «Жұмбақты шешкен адам</p>	<p>– Асан қандай бала? – Өз бөлігін алған кірпі, тиін және қанқыз. Асанға не деу керек? <i>Нақыл сөз жаттау.</i> Нақыл сөздің мазмұны алдыңғы тапсырмамен байланыстыра отырып түсіндіріледі. Жаксыдан үйрен, Жаманнан жирен. 5-тапсырма. әліппе-дәптердегі жазу элементерінің қалай орындалатынын ауаға сызып көрсетеді. Балалар жолдың жоғарғы және төменгі сызығын ажыратады. Қорытындылап, мадақт ау.</p> <p>2. Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Мен болашақ спортшымын» (Ауада) (негізгі қимылдар) Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру Балаларға спорт түрлерін атау ұсынылады. «Денесі шыныққан адамдар сымбатты келеді. Олар қуатты, ширақ, көтеріңкі көңіл күйде болады». Сен аз да болса оларға ұқсағың келе ме? Бұл үшін саған тек спорт көмектесе алады! «Денсаулық адамға күш-қуат беріп, табысқа жетелейді. Сені ерігуден, сандалып бос жүруден арылтады». Спортшыларды жаттықтыруды және спортта қажет са-па-қасиеттерді дамытуды ұсынады. Жинақылыққа баулу Бір-бірден қатарға тізіліп тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекке тұрып тізені жоғары көтеріп жүру, жүру; Баяу қарқынмен 2.5 минут үздіксіз</p>	<p>мен тәртіптері бар. Біз өткен ҰОҚ-да мектеп ережелерімен таныстық. Олар: мектепте оқушы арнайы форма киеді. Әдепті болады, сабағын жақсы оқиды. Мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындайды. ҰОҚ-дан бостан-босқа қалмайды. Кез келген бала үлгілі оқушы болуға тырысады. Сонымен қатар мектепте қауіпсіздік ережелерін сақтау керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Баспалдақтан жүгіріп түсуге болмайды. • Терезе алдына шығуға, терезені ашып, оған асылып тұруға болмайды. <p>Дәлізде немесе мектептегі басқа да жерлерде бірін-бірі итеріп ойнауға болмайды. сергіту сәті: Күз келіпті тамаша, Айдын далаға қараса. Сарғайған көп жапырақ, Сан жетпейді санаса. Сарғаяды даламыз, Жеміс жинап аламыз. Күз мезгілі келгенде, Біз мектепке барамыз. 2-тапсырма: Мектепте өзін дұрыс ұстайтын баланың әрекетін көк түспен белгіле. Қылығы ерсі баланың суретін қызыл түспен белгіле. 3-тапсырма: Топпен сыныпта тәртіп ережесін құрастырындар. Үлгі жауаптар: 1. Мектепке кірерде басқимді шешіп кіруміз</p>	<p>мен тәртіптері бар. Біз өткен ҰОҚ-да мектеп ережелерімен таныстық. Олар: мектепте оқушы арнайы форма киеді. Әдепті болады, сабағын жақсы оқиды. Мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындайды. ҰОҚ-дан бостан-босқа қалмайды. Кез келген бала үлгілі оқушы болуға тырысады. Сонымен қатар мектепте қауіпсіздік ережелерін сақтау керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Баспалдақтан жүгіріп түсуге болмайды. • Терезе алдына шығуға, терезені ашып, оған асылып тұруға болмайды. <p>Дәлізде немесе мектептегі басқа да жерлерде бірін-бірі итеріп ойнауға болмайды. сергіту сәті: Күз келіпті тамаша, Айдын далаға қараса. Сарғайған көп жапырақ, Сан жетпейді санаса. Сарғаяды даламыз, Жеміс жинап аламыз. Күз мезгілі келгенде, Біз мектепке барамыз. 2-тапсырма: Мектепте өзін дұрыс ұстайтын баланың әрекетін көк түспен белгіле. Қылығы ерсі баланың суретін қызыл түспен белгіле. 3-тапсырма: Топпен сыныпта тәртіп ережесін құрастырындар. Үлгі жауаптар: 1. Мектепке кірерде басқимді шешіп кіруміз</p>	<p>балалар «Айгөлек» журналының жас тілшілері рөлінде мұғалімнен сұхбат алады. Мұғалімнің өзінің ұстаздық еңбек жолы, оқытқан шәкірттері, олардың жетістіктері мен оқушылары арасындағы сыйлы қарым-қатынасты бейнелейтін алдын ала жасаған фотомонтажын тақтаға іледі. Әрбір бала тақтадағы фотомонтаж бойынша мұғалімге өзі қалаған сұрақтарын қояды, мұғалім жауап береді. Мұғалім ойын соңында осы мамандықты не үшін таңдағаны туралы айтып береді. Дәйексөз Рөлдік ойын нәтижелері дәйексөздің мәні түсіндірілуімен түйінделеді. Мұғалім тақтаға Ы.Алтынсариннің «Мұғалім - мектеп жүрегі» деген сөзін жазып қояды және оны түсіндіреді. Үй тапсырмасы Мұғалім дәптерде берілген тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді. Дәптер бетінің сол жақ бөлігінде ұстаздың сурет салынған. Оң жақ бөлігінде берілген бос төркөздерге өз ұстазыңа сыйлағың келетін суретті салып, бояндар. Тыныштық сәті. Балалардың белсенді қимыл-ой әрекеттерінен кейін денесі, ойы сергітіледі. Қорытындылау. Мұғалім оқушылардың сабақтан алған білімдерін төмендегідей түіндеуіне болады. - Ұстаз – тек оқу жазу үйретіп, білім беретін мұғалім ғана емес. Ол қиналған сәтте қол ұшын беретін көмекші, қамқор, іздеген</p>
--	---	---	---	---	--

		<p>сандықты аша алады»,-деп жазыпты.Онда жұмбақты .шешіп көрелік .Үйге қажет бәріде .Киім іліп қойғанға .Шкаф қажет әрине Тамақтарды қоятын Үстел керек әрине Үстелге келіп отыратын Орындық керек әрине Бұларды бір сөзбен не деп .айтар едік? (жиһаздар) Музыка әуенімен сандық ашылады.Сандықтың ішінен .ойыншық жиһаздар шығады</p> <p>Тосын сәт. (Есік қағылып, қонжық топқа кіреді.Қонжық: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен кішкентай қонжықпын. Орманда тұрамын ал сендер қайда тұрасыңдар?- мектепте, ?бөлмелеріңде не бар Қонжық: -Ал менің інімде - ешқандай жиһаздар жоқ.Менде осындай ыңғайлы жиһаздарды қалаймын.Бірақ білмеймін .қандайын таңдап алайын Сендер маған көмектесесіздер ?ма Онда сандықтан шыққан жиһаздарды қонжыққа сиға тартсақ па? Қ ?алай ойлайсыңдар Қонжық біздің балалар қарсы болмайды. (Мұғалім балаларға ойланып, жиһаздарды таңдауға ұсыныс жасайды). Қонжықтың бөлмесіне қандай жиһаз қоюға болады? (Ас бөлмесіне үстел мен орындық таңдайды.Жатын бөлмесіне төсек пен шкаф таңдап алады) Қонжық саған бөлмең ұнадыма- Балалар, қонжық бұл заттарын есіне сақтау үшін ойын</p>	<p>жүгіру. тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен шұғылданып, тезірек өсеміз», – деп аяқтың ұшымен тұрып, қолды жоғары көтеріп, ішке дем тартады. «Күн сайын биіктей береміз», – деп қолды төмен түсіріп, табанмен тұрып, демді сыртқа шығарады. Толтырылған доптармен жүгіру. Топтың бірінші ойыншысы доппен жүгіріп, құрсауды айналып кері қайтады да, допты келесі балаға береді. Толассыз тәсілмен қимыл-қозғалыс орындау кезінде қауіпсіздік техникасына, қозғалыс ретіне – мәре сызығына жақын келу, тапсырманы орындау, затты айналып тізбектің соңына қайта оралуға балалардың назарын аударады.</p> <p>3. Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Дұрыс сөйлеу мәнері» Мақсаты: Ілікпе сөз бен фразаларды айтуда тыныс алуды реттеу Дидактикалық ойын: «Артығын тап» ойлау қабілетін дамыту. Педагог балаларды шаттық шеңберіне шақырып, амандасу рәсімін өткізеді. Біздің топта ұлқыздар Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға Тек жақсылық ойлаймыз «Дыбыстар әлеміне саяхат» Куаныш фонограммаға қоршаған ортадағы көптеген әртүрлі дыбыстарды жазып алып келгенін</p>	<p>керек. 2. Дәлізде, сыныпта жүгіруге болмайды. 3. Мұғалімнің айтқанын тыңдап, ол кісіні сыйлау керек. 4. Партаға дұрыс отыру керек. 5. Оқу құралдарын күтіп ұстау керек. 6. Оқушылар бір-бірімен дос болу керек. Қажет кезде бір-біріне көмекбереді. Қорытындылау.</p> <p>2. Апликация (заттық апликация) Тақырыбы:«Ертегілер елінде» Мақсаты: Үлгіқалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану Дидактикалық ойын:«Жеті лақ және қасқыр» Мақсаты: шығармашылық қиялды сөздік белсенділікті ояту Шаттық шеңбері. Балалар біз бүгін ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Жұмбақ жасыру: Ағайынды бесеуі, бірге киінеді,бірге шешінеді. Ол не? -Ендеше бүгін біз ақын Ә.Дүйсенбиевтің «Қолғап» өлеңімен танысамыз. Жоғалыпты қолбағым</p>	<p>сұраққа, бастаған іске ақыл-кеңес беретін ақылшы, бірегей еңбек ететін сенімді дос бола алады. Жүректен жүрекке. Мұғалім сағаттың қос тіліндей екі қолын екі жаққа созып ортаға тұрады. Балалар сағаттың тілімен оңға қарай қозғалыспен бірінен кейін бірі алақаны арқылы ұстаздан жылу алады. Әр бала алақанын ұстаздың алақанына тигізіп тұрып, алғыс білдіреді. Мысалы: «білім бергеніңіз үшін рахмет, оқуға үйреткеніңіз үшін рахмет, ақылдылыққа жетелегеніңіз үшін рахмет!» Сағат тілінің қозғалысымен мұғалім «Білім шеңберін» құрады. Балалар мұғалімді ортаға алып, ұстаздарына арнап ән айтады</p> <p>2. Музыка Тақырыбы:«Көңілді әуендер» Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату ағамбет) Тыңдау: «Күлдіргіштер». (Д.Кабалевский) «Марш»(С.Прокофьев) Ән айту. «Бейбіт болсын қашанда» (муз. Мен сөзі А.Досм Музыкалық ырғақты қозғалыс:«Тапқыр музыканттар» ршы»Б.Канэда) («Оңай пьеса») Л.Шкерянс, «Тироль вальсі» Ф.Пульенк, «Марш» Я.Ваньгал; «Қаздар ма</p> <p>3. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Бірінші бол! (негізгі қимылдар)</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>ойнайық. Мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер жауабын табыңдар</p> <p>Үш аю» ертегісіндегі») аюлардың суреттері .(көрсетіледі</p> <p>Сендер оларды таныдыңдар ма? Қай ертегінің аюлары? Олардың үйлерінде бір жағымсыз жағдай болды.Олардың үйлеріне кіріп,жиһазды сындырып .тастапты</p> <p>Бұл кім екен? Ойын: Шарты:Жиһаздардың бір бөлігі жетпейтін суреттер көрсетіледі. -Балалар неліктен жиһаздар сынып қалды?Жиһазды қалай күту керек? Ойын:Суретті жинап ал. Қорытындылау.</p> <p>3.Сурет салу Тақырыбы: Мен сиқыршымын!» (сәндік) Мақсаты:Негізгі және қосалқы, жылы және суық түстерді ажырату.Саусақ тың ұсақ моторикасын дамыту. Достыққа тәрбиелеу. Педагог: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын. Бізді бүгін сиқырлы ертегі, тартымды сурет және басқа да көптеген қызық күтуде. Мен сендердің бар істе табысты болып, күні бойы жақсы көңіл күйде болуларыңды қалаймын. Педагог Тұлпар</p>	<p>айтады: адамдардың, жануарлардың, музыка аспаптарының, табиғат құбылыстарының,көліктің т.б. Проблемалық жағдаят: Айсұлу кейбір балалардың сөздерді неге дұрыс айтпайтынын сұрайды. тапсырма. Артикуляциялық жаттығуларды айнаға қарап жасайды. Сөздерді дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығуларды үнемі қайталап отыру керектігін айтып түсіндіру Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – жалпақ тілді шығарып, астыңғы ерінге ұстап тұру керек. «Инеше» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10 – 15 секунд ұстап тұру керек</p> <p>4. Мүсіндеу (Заттық мүсіндеу.) Тақырыбы:«Түйе қазақтың «Түйе су ішкенде неге артына бұрылып қарайды?» ертегісінің желісімен Мақсаты:Дененің қарапайым пропорция-ларын есепке ала отырып, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеуге үйрету.Ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. Ермек «Түйе су ішкенде неліктен артына қарайды?» ертегісінің кейіпкерлерін естеріне түсіруге шақырады. Жұмбақ жасыру. Балалар жұмбақ жасырады. Қорытынды: тәрбиеленушілер ҰОҚ-де не туралы айтылатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындайды. Ситуациялық жағдай: Мүсінші-</p>	<p>Тыз-тыз етті қолдарым Сорып аяз тастады Естен кетпес тоңғаным Қолғаптық жіп шығарып Тоқыты әжем біз алып Мен отырмын ұяттан Тоңғандай боп қызарып. Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлең-шумақтың мазмұнын әңгімелеу: -Өлеңнің авторы кім? -Қолғапты қай кезде киеміз? «Бөлшектен бүгін құрастыру» ойыны. Шарты: қиылған қолғап, малақай, т.б қысқы киімдердің суреттері беріледі, балалар құрастырады.</p> <p>3.Дене шынықтыру «Мен болашақ спортшымын» (Ауада) Күні: (негізгі қимылдар) Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру Қимылды ойын: «Доп кімде?» Мақсаты: қол жылдамдығын, бақылағыштықты дамыту Саптізбекке бір-бірден тұруға көмектеседі. Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба білуді көрсетеді. Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау үшін, шеңберге тұруды</p>	<p>Балаларға спортзалының жақтары – жоғарғы сол және төменгі сол бұрыштары, жоғарғы оң және төменгі оң бұрыштары, залдың ортасын атау тапсырылады. Кімді көшбасшы деп атайды? Бірінші болуға не үшін тырысу керек? Көшбасшы бола алу неге байланысты? Үнемі бірінші болу неге қиын? Тапсырмаларды орындау арқылы көшбасшылық қасиетті дамыту көзделеді. Нәтиже фишкалармен бағаланады. зейінді дамыту Балаларға спортзалының жақтары – жоғарғы сол және төменгі сол бұрыштары, жоғарғы оң және төменгі оң бұрыштары, залдың ортасын атау тапсырылады. Нұсқау бойынша балалар спортзалдың белгіленген жеріне бір-бірінің артына немесе қатарынан тізіліп тізбекке тұрады. Ырғақты гимнастика. «Бірінші бол!» ойын жаттығуы Жетекшіні ауыстыра отырып баяу жүгіру – қолды алға-жоғары кеуде тұсына дейін ішке қарай, содан кейін шынтақпен артқа қимыл жасалады (2,5 мин). Баланың аты аталады да, ол сапты бастайды. төзімділікті дамыту Тепе-теңдік – белгі бойынша гимнастикалық орындықтан бір көзді жұмып бір аяқпен тұру. Нұсқау – алға еңкеймей, статистикалық тепе-теңдік сақтау. Ептілікті дамыту Бастан асырып екі қолмен бір-</p>
--	--	--	--	---

		<p>туралы мультфильм үзіндісін көрсетеді. Балаларға Тұлпардың өз жамылғысын жаңартып беруін сұрауы туралы әңгіме айтады. Балалардың өздеріне сиқыршы болып, жарқын, әсем жамылғы жасауға көмектесуді ұсынады. Балалармен бірге өрнек дегеннің не екендігін еске түсіреді: қандай да бір бұйым, киім бөлігі, т.б. әшекейі. Балаларға казактың ұлттық ою-өрнегі бар бұйымдарды көрсетеді. Педагог әліппе-альбомдағы тапсырмаларды орындауды ұсынады, Тұлпар өз иесіне көмектесетін ертегі аты екендігі туралы әңгімелейді. Педагог ұсынылған өрнек түрлерін досымен талқылауды, олардың неге ұқсайтындықтары туралы әңгімелесуді ұсынады. Қазак оюларының қарапайым түрлерінің атауларымен таныстырады: тұмарша, қошқар- мүйіз, балта. Балалардан ұсынылған реңге сәйкес қандай түсті өрнек таңдау керектігін сұрайды.</p> <p>Сергіту сәті Қылқаламды қолыма алсам, (саусақтарымен қылқалам қозғалыстарын бейнелейді) Мен сиқыршы боламын: (қолдарын жоғары көтереді) Қағазға, (білезіктерімен айналма қозғалыстар жасайды) Құстардың, (қолдарын айқастырып,</p>	<p>Ермек балаларға түйе туралы ертегі кейіпкерлерін мүсіндеуді ұсынады.</p> <p>Әліппе-альбоммен жұмыс. Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен танысып шығады..</p> <p>«Түйе» слайдын көрсету. Ермек балаларды «Түйе» жануарымен таныстырады.Әңгімелесу: Әдетте, түйені «шөл даланың кемесі» деп те атайды. Себебі олар құмды шөл далада көп жүреді. Бірнеше күндеп су ішпейтін өте төзімді жануар. Түйе туралы иллюстрациялық материалды мұқият қарап шығып, оның өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетіндер: қалың табандарын күс басқан, тізелерінің терісі қалың әрі күсті, танауының тесігі тар, кірпіктері қалың, арқасында өркештері бар. Түйелердің табанының осынша жалпақ болуы тегін емес, борпылдақ құммен жүру оңай емес, әрине. Бірақ мынадай жалпақ табанның құмға батуы екіталай. Табаны мен тізесіндегі күс ыстық құмға күймеуге көмектеседі. Ал ұзын кірпіктері түйенің көздерін құмнан қорғайды. Өркешінде май жиналады. Тамақ пен сусыз қалған кезде оған дәл осы өркешіндегі май күш береді. Жануардың өзіне тән ерекшеліктерін қарастыру (денесі, басы, сирақтары).</p> <p>Ойын-жаттығу: «Мұқият бол».</p> <p>Балалар бұйымдарды жасау тәсілдерін, жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды анықтайды.Үлгілерді көрсету. Ермек балаларға түйені</p>	<p>ұсынады.</p> <p>Сапқа тұру үшін бағдарды белгілейді (бормен салынған шеңбер). Жаттығуларды атайды. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді. Негізгі қимыл түрлерін орындауды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Саптізбекке бір-бірден сапқа тұру. 2. Саптізбекте бір-бірден қалыпты жүру. <p>Жүруге арналған бағдарларды белгілеу (сызықты бормен сызу). Балаларды жаттығуларды дұрыс және әдемі орындауға ітермелейді. Балаларға бастарын төмен түсірмей, арқаларын тік ұстауын естеріне салады. Жаттығуларды орындауын қадағалайды. Балаларды қолдайды және мадақтайды. «Маған қарай жүгіріңдер» ойынын ұйымдастырады. Жүгіру барысында қажетті көмек және қолдау көрсетеді. Саптізбекке бір-бірден сапқа тұру, қатарда өз орнын таба білу. Саптізбекте бір-бірден жүру, (бірінен кейін бірі жүреді, бағытты сақтайды, саптізбектен шығып кетпеуге тырысады, саптізбекте өзінің орнын табады).</p> <p>Шеңбер бойымен сапқа тұру, ажырау. Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау (қажетті бастапқы</p>	<p>біріне доп лақтыру (2,5 метр). Нұсқау – алға-жоғары-төмен бағыты бойынша (доп кемпіркосақ бойымен жүргендей, жартылай шеңбер жасап) бір-бірінің қолына дәлдеп доп лақтыру. Допты лақтыру кезінде қолды екпінмен серпе отырып бағытты сақтауға назар аударылады.</p> <p>зеректікті дамыту «тоқта!» Ойынға қатысушылар жүргізушіден 10 қадам қашықтықта тұрады. Ойын жүргізуші теріс қарап тұрып: «Жылдам атта, аңқайма! Тоқта!», – деп дауыстап айғайлайды. Осы кезде балалар ойын жүргізушіге қарай жүреді. «Тоқта!» дегенде балалар келген жерінде тоқтап қалады да, жүргізуші тез бұрылып қарайды. «Тоқта!» деп айтқан кезде тоқтап үлгермеген бала бастапқы сызыққа қайта барып тұрады да, қозғалысты қайта басынан бастайды. Соңында жүргізушіге ең жақын келген бала жеңеді де, жүргізушінің орнына тұрады (қимыл-қозғалыстың түрлі тәсілдері қолданылады).</p> <p>3.В.к Ойламыз, ойнамыз Тақырыбы: Кім қай партада отыр? Мақсаты: Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі: Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз.</p>
--	--	---	---	--	--

		<p>тарбиған саусақтарымен құсқанаттарының қозғалысын бейнелейді).</p> <p>Машиналардың, тұтқышты айналдырғандай қозғалыстар жасайды)</p> <p>Мұнаралардың, (бастан жоғары созылған колдарды үй тәрізді біріктіреді) Жалаулардың суретін саламын (қолдар алақанымен сыртқа қарай созылады, бас саусақтар тудың ұстағышы секілді төмен бағытталады)</p> <p>Қауіпсіздік ережесі</p> <p>Балаларға қылқаламды қолда қалай дұрыс ұстау керектігін көрсетеді. Қылқаламды ауызға салмауды ескертеді. Жұмысты орындау технологиясы</p> <p>(Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру) Шебер сиқыршылардың көрмесі ұйымдастырылады. Балалар өз жұмыстарын талқылайды</p> <p>4. Орыс тілі:</p> <p>Тема: «Учимся приветствовать»</p> <p>Цель: Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий).</p> <p>в класс влетает воздушный шар, на котором написано «Здравствуй те». ребята, у нас гость. как вы думаете, зачем он приле - тел? (ответы детей). вы правы, это слово прилетело к нам напомнить, чтобы мы</p>	<p>мүсіндеуді ұсынады.</p> <p>Ойын түріндегі жаттығу: «Сен білесің бе?»</p> <p>Ермексазбен және кескішпен жұмыс істеу тәртібі талқыланады, балалар ережелерді түсіндіреді.</p> <p>Мүсіндеу алгоритмі.</p> <p>Образ бір немесе көптеген бірдей модуль-элементтерден жасалады (шар, баған т.б.)</p> <p>– Денені қандай тәсілмен мүсіндейміз?</p> <p>Денесін үлкен жұмыртқа тәріздес домалақ кесек ермексаздан жасаймыз, өркешін ұшы жоқ конус пішіндес етіп жасаймыз. Содан соң өркешті денеге бекітеміз. Мойнын конустан жасаймыз. Конустарды бір-біріне жалғап, денеге бекітеміз.</p>	<p>қалыпты қабылдайды, нұсқаушының көрсетуімен жаттығуларын сәйкестендіру).</p> <p>Негізгі әрекеттерді орындау (сапқа тұру және бір-бірден саптізбекте жүру, аяқ және қолдарының қимылдарын үйлестіруге тырысу, бағытын және тепе-теңдікті сақтау, саптізбекте өзінің орнын табады және сақтайды).</p> <p>Ойынға қатысу (белгі бойынша нұсқаушыға қарай жүгіреді, түрлі бағытта қимылдау мүмкіндіктеріне қуанады).</p> <p>5.В.к. Логика әлемі</p> <p>Тақырыбы: Заттарды топқа біріктіру.</p> <p>Мақсаты: Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру.</p> <p>Мақсаты: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шарша, тіктөртбұрыш) мен денелерді шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, ажырату.</p> <p>Балалар шаттық шеңберге тұрамаз да, бір-бірімізге жылы лебіз білдіреміз.</p> <p>- Армысың асыл күн?</p> <p>- Армысың жан досым.</p> <p>- Жылуыма жылу қос,</p>	<p>Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.</p> <p>«Сұрақ - жауап» ойыны.</p> <p>- Балалар табиғат дегеніміз не?</p> <p>- Табиғат - бізді қоршаған орта.</p> <p>- Табиғат нешеге бөлінеді?</p> <p>- Табиғат тірі және өлі болып бөлінеді.</p> <p>Тірі табиғат - олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан - жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. (слайт суреттері)</p> <p>Өлі табиғат - қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді. Сондықтан олар бір - бірімен тығыз байланысты.</p> <p>Жаттау.</p> <p>Табиғатым - тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейкіші жараса.</p> <p>(Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу)</p> <p>Аққала жасап, сырғанақ теуіп ойнайтын қай жыл мезгілі?</p> <p>- Қар еріп, құстар келетін қай мезгіл?</p> <p>- Күн ысып, суға шомылатын қай мезгіл?</p> <p>- Жеміс - жидек пісетін, Астық жинайтын қай мезгіл?</p> <p>«Жыл мезгілін байланысты киімді тап» ойыны.</p> <p>Түлкі балаларға рахметін айтып, кетеді.</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>никогда не забывали здороваться. когда мы здороваемся, мы желаем здоровья этому человеку, в ответ мы тоже слышим слово – здравствуй – и нам тоже желают здоровья. Мы сделали приятно человеку и нам сделали приятно. у нас хорошее настроение. давайте улыбнемся друг другу. от наших улыбок стало сразу светлее. добрый день! – тебе сказали, добрый день! – ответил ты. как две ниточки связали – теплоты и доброты. задание №1. Посмотри и послушай, какие бывают приветствия. Приветствия состоят из слов. есть приветствие из одного слова, а есть из двух слов. каждое слово обозначается прямоуголь - ником.упражнение «Послушай и покажи». Педагог произносит варианты приветствий, а дети показывают схему. задание № 2. Рассмотрите картинки. Продемонстрируйте приветствия. По-разному можно приветствовать друг друга. Но отклониться от приветствия, не ответить на него всегда считалось верхом невоспитанности и не - уважения к людям. в поклоне, в коротких словах приветствия заключено очень важное содержание: «Я к тебе хорошо отношусь и хочу, чтобы ты так же относился ко мне». Причем, сила «волшебных</p>		<p>- Міне, менің қолым. -Балалар, бір-бірлеріңнің алақандарыңды ұстап тұрып, нені сезіндіңдер? Мына ағаш қандай пішін? Әр пішінге сипаттама беру. Фигуралар атауын орысшамен байланыстыру. Балалар қараңдаршы пішіндердің тапсырмасы бар екен, орындаймызба? Ал, енді топқа бөлініп алайық енді төртбұрыштың да тапсырмасын қарап көрейік,«тез ойлан» Слайд арқылы тапсырмалар беріледі, әр топтан бір баладан шығу керек. Балалар маған айтыңдаршы аю қандай жануар? Аюдың денесі қандай пішін -дерден құралған? Дөңгелектерден және сопақшадан.</p> <p>Қимыл қозғалыс жаттығуын орындайды. Балалар енді мен сендерге тапсырма бергім келіп отыр, орындайсыңдарма? Ал, ендеше мына заттарға тәжірибе жасап көреміз. Мынау не? Қорапша Тіктөртбұрышқа Қандай фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрышқа және шаршыға ұқсайды Ал, мынау ше? Бұл ыдыс. Дөңгелекке ұқсайды</p>	
--	--	--	--	--

		слов» зависит от того, как ты их скажешь: вежливо - во, приветливо или резким тоном, отвернувшись в сторону. задание № 3. «Расскажи, покажи, нарисуй». составь предложения по схеме. задание № 4. Нарисуй привет другу.		Енді осы ыдыстарға мынау тәттілерді салу керек, жай ғана салмай қай тәтті қай ыдысқа тура келеді немесе сәйкес келеді? Балалар көрдіңдерме математикалық фигуралар мен біздің өміріміз тығыз байланысты екен.	
Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар		Д/ ойын:«Ұзын және қысқа» Мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар. Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.	Сюжетті-рөлді ойын Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.	Д/ ойын: «Оң және сол» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді	Д/ ойын:«Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.
« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек		Серуен №7 Саңырауқұлақтарды бақылау Мақсаты: саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту	Серуен №8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; Сөздік қорларын молайту.	Серуен №9 Гүл егілген клумбаны бақылау Мақсаты: — өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; — кейбір өсімдіктердің дөңдерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу; Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)таныстыру	Серуен №10 Ағаштарды бақылау Мақсаты: — күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; — қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету; — ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру	Жазу жаттығулары	Бейнелеу тәсілдері бойынша түсініктерін қалыптастыру	5 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды

Балалардың үйге қайтуы.		Ата-аналарға ақыл кеңес. «Баланың еркелігі»	Мектепалды даярлық сыныбына бейімделуі жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің балаға ықпал ететінін түсіндіру	Өлең, тақпақтар жаттау.